**БЕКІТЕМІН**

**«Қазақ спорт және туризм академиясы» КеАҚ Президенті, профессор**
**_________ К.К. Закирьянов**

**«__02_» ___09__ 2024 ж.**

# «ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ ПӘНДІК-КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМЫТУ» ТАҚЫРЫБЫНДА ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГТАРЫНА АРНАЛҒАН БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

| Әзірленді | | Келісілді | | Бекітілген |
|---|---|---|---|---|
| Дошыбеков А.Б.<br>Мейрханова З.Д. | | ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Сарапшылар кеңесінің хаттамасы | | ҚазСТА Бұйрығы №11, 02.09. 2024 жыл |
| күні | қолы | күні | қолы | **Қолданысқа енгізілді** |
| 02.09.2024 | | № 39, 15.08.2024 жыл | | ҚазСТА Бұйрығы №11, 02.09. 2024 жыл |
| | | | | |

**Алматы - 2024**

# МАЗМҰНЫ


1. Жалпы ережелер........................................................................ 3
2. Глоссарий.................................................................................... 4
3. Бағдарламаның тақырыптары.................................................... 7
4. Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері және күтілетін нәтижелері 13
5. Бағдарламаның құрылымы және мазмұны.................................. 14
6. Оқу үдерісін ұйымдастыру.......................................................... 21
7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыздандыру.................... 22
8. Бағдарламаның нәтижелерін бағалау........................................... 22
9. Әдебиеттер тізімі......................................................................... 23
10 Қосымшалар.................................................................................. 26

## 1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Дене шынықтыру» пәні бойынша орта білім беру педагогтарының (*әрі қарай – Тыңдаушылар*) біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы (*әрі қарай – Бағдарлама*) мемлекеттік және орыс тілдерінде оқытатын жалпы білім беретін мектептердің орта білім беру ұйымдарындағы дене шынықтыру мұғалімдерінің біліктілігін арттыруға арналған.

2. Бағдарлама дене шынықтыру педагогтарын «Дене шынықтыру» оқу пәнін оқу және оқыту әдістемесі бойынша қажетті теориялық және практикалық біліммен қамтамасыз етуге бағытталған.

3. Бағдарлама 7 модульден және вариативті бөлімнен тұрады. Ол тыңдаушыларды дене шынықтыру және спорт саласындағы нормативті және оқу құжаттарымен, оқудағы және оқытудағы жаңа тұғырлармен, оқытудың психологиялық-педагогикалық тұғырларымен, оқытудың жаңа тәсілдерін, цифрлық технологияларымен, инклюзивті білім беру және оқытумен, критериалды бағалау жүйесімен, зерттеу әдіснамасын және вариативті бөліммен таныстыруға бағытталған. Бағдарламаның вариативті бөлімі тыңдаушылардың деңгейіне және қажеттіліктеріне сәйкес, бастауыш, орта және жалпы орта білім беруді оқыту әдістемесін, спорт түрлерін қоса алғанда, тыңдаушыларды оқытуды қамтиды.

4. Бағдарламаның өзектілігі, оның әртүрлі санаттағы және әртүрлі құзыреттіліктегі дене шынықтыру мұғалімдеріне қолдау көрсетуге және қамтамасыз етуге бағытталуымен негізделеді, бұл педагогқа дене шынықтыру пәнінің оқу бағдарламасын табысты меңгеруге, оның түйінді ерекшеліктерін және бағдарламаның талаптарын жүзеге асыру қабілеттерін саналы ұғынуына көмек береді.

5. Бағдарлама педагогтарды инклюзивті білім беру аясында оқытуды көздейді. Қазіргі уақытта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту (*әрі қарай – ЕБҚ*) педагогтардың кәсіби біліктіліктерінің деңгейін тұрақты арттыруды талап етеді. Дене шынықтыру педагогтарына оқытудың негізгі әдістемелерін қайта қарастыру, түзету жұмысының тәсілдерін меңгеру, дифференциалды (саралаушы) тәсілді қолдану, ЕБҚ бар балаларға арналған бағдарламаларды құрастыру бойынша білімді меңгеру қажет.

6. Тыңдаушыларды курстық оқытудың ұзақтығы 80 және 108 академиялық сағатты құрайды, берілген Бағдарламаға оқу-тақырыптық жоспарға (бұдан әрі – ОТЖ) (1-3-қосымша) сәйкес келеді.

## 2-тарау. ГЛОССАРИЙ

**Анализ**–бір нәрсені шағын бөліктерге бөлу және оларды аса мұқият зерттеу.

**Сабақтан тыс іс-әрекет** – бір тұтас оқу-тәрбие процесінің құрамдас бөлігі, білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру формасы.

**Қызықтыру** - әрбір оқушының оқу бағдарламасына қолжетімділігі және оларды толыққанды дәрежеде қатысуын қамтамасыз ету. Бұған әдістерді, стратегияларды және тұғырларды өзгерту арқылы жетуге болады (мысалы, орынды, міндетті, жабдықтарды, топтастыруды өзгерту).

**Ықпал ету**–мінез-құлықты, сезімдерді, эмоцияларды немесе әлеуметтік қатынастарды өзгертуге бағытталған мақсатты бағытталған процесс.

**Динамика** – қозғалыс күйі, даму барысы, әсер етуші факторлардың ықпалымен белгілі бір құбылыстың өзгеруі.

**Топтар бойынша дифференциация** – қабілеттеріне байланысты топтарда/немесе екі және одан да көп адам жұмыс істейді.

**Инклюзивті білім беру** – ерекше білім беру қажеттіліктерін және жеке-дара мүмкіндіктерін ескеріп, барлық білім алушыларды теңдей қолжетімділікпен қамтамасыз ететін процесс (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы).

**Инклюзивті мәдениет –** инклюзивті білім беру туралы білімдердің, құндылықтардың және жауапкершіліктің аталған процестің барлық қатысушылары арасында қабылдануыны және бөлінуіне сәйкес идеология.

**Дене дайындығының компоненттері** – адамның дене дайындығын орындау сапасын барынша арттыру мақсатында жаттықтыруды қажет ететін негізгі элементтер. Дене дайындығының бес негізгі құрамдас компоненттерінің болатыны жалпы қабылданған: күш, шапшаңдық, төзімділік, ептілік және икемділік.

**Креативтілік** -индивидтің шығармашылық қабілеттері, бірегей идеяларды туындату қабілеті, ойлаудың дәстүрлі түрлерінен ауытқу, проблемалық жағдаяттарды жылдам шешу қабілеті.

**Бағалау критерийлері** – нақты өлшеуіштер, олардың негізінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүзеге асырылады.

**Сыни ойлау** – ойлау тәсілі, оның барысында адам қабылданатын ақпаратты, өзіндік сенімдеріне күмән келтіреді. Сыни ойлауды дамыту білім алушыларға қиындықтарды тануға және оларды шешу жолдарын табуға,сонымен бірге ақпаратты интерпретациялауға және дәйектерді бағалауға мүмкіндік береді.

**Нәтижелерді мониторингілеу** – жүйенің параметрлерінің өзгерісін, әрбір баланың дамуын қадағалаудың және арнайы ұйымдастырылған бақылаудың жүйесін қамтитын, іс-әрекет субъектілеріне әлеуметтік-тәрбие процестеріне түзетулерді енгізуге мүмкіндік беретін технология.

**Спорттық-спецификалық қозғалыс дағдылары** – спорттың белгілі түріне тікелей қатысты әрекеттер, мысалы, тік (вертикалды) секіру баскетболдағы негізгі қимыл-қозғалыс болып табылады, бұл жағдайда секіруші

секіреді немесе секіріп тастауды орындайды.

**Оқытудың күтілетін нәтижелері** – білім алушылардың ЕБҚ ететін және жеке-дара мүмкіндіктерін ескеріп, оқыту процесін аяқтағаннан кейін білуі, түсінуі және көрсетуін білдіретін құзыреттіліктердің жиынтығы.

**Ерекше білім алу қажеттіліктері –** оқу-дамытушы процесте көмекке және қызметке сәйкес қажеттіліктер, оларсыз сапалы білім алу мүмкін емес.

**Ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалау –** білім алу үшін қажетті арнайы жағдайларды анықтау.

**ПМПК (Психологиялық-медико-педагогикалық кеңес беру)-** әлеуметтік және медико- педагогикалық түзетуші қолдауға, білім берудің түрлерін және формаларын анықтауға,оңалтудың жеке-дара бағдарламасын әзірлеуге көрсетілімдерді белгілеу мақсатында мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-медико-педагогикалық тексеруді және диагностикалауды жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме.

**Педагогикалық диагностика**–оқу процесін оңтайландыру, оқушыларды саралау, сонымен бірге оқу бағдарламаларын және педагогикалық әсер ету әдістерін жетілдіру міндеттерін шешуге бағытталған бақылау және бағалау тәсілдерінің жиынтығы.

**Білім беру процесіндегі бағалау (баға)** – белгіленген талаптарға сәйкес оқу іс-әрекетінің нәтижелерінің критерийлері бойынша сипаттауүшін қолданылатын жалпы термин; оқу бағдарламасы белгілеген білімді, біліктерді және дағдыларды оқушылардың меңгеру дәрежесін педагогтың бағалаушы пайымдауындағы, сонымен біргешартты белгілердің анықталуы және көрсетілуі (балл); оқуды, жағымды мотивацияны, тұлғаға әсер етуді ынталандыру құралы.

**Қолдану** – меңгерілген дағдыны немесе білімді басқа контексте қолдану қабілеті. Мысалы, гимнастикада бір аяқта тепе-теңдік дағдысын қолдану.

**Рефлексия** – күшті және әлсіз жақтарын салыстырып, білімнің түрін немесе сенімдерді мұқият қайта қарастырып, заттар туралы тұжырымдарды талдау және шығару қабілеті.

**Синтез** – бірыңғай тұтасты қалыптастыру үшін компоненттердің немесе элементтердің үйлесімі.

**Стратегия**–орындаудың сапасын, мысалы ойында жақсарту үшін қатысушының қолданатын әрекеті.

**Спорттағы тактика** – спорттың жекпе-жекті жүргізу өнері, аса жоғары нәтижеге, жеңіске жету мақсатында жекпе-жектің формалары мен тәсілдерінің жиынтығы. Тактикаға жарыстарда өнер көрсетудің жоспарын әзірлеуді жатқызуға болады.

**Дәлдік**–белгіленген ережелерге және стандарттарға сәйкес дәл орындау.

**Дене тәрбиесі –** спецификалық мазмұны қимыл-қозғалысты үйрету, дене сапаларын тәрбиелеу, арнайы дене мәдениеті білімдерін меңгеру және дене шынықтыру сабақтарына деген саналы қажеттілікті қалыптастыру болып табылатын тәрбиенің түрі.

**Дене тәрбиесінен білім беру –** адамды қозғалыс дағдылары мен біліктеріне үйрету, уақыт пен кеңістікте өз денесінің қимыл-қозғалысын басқару,

өмірдің және іс-әрекеттің әртүрлі жағдайларында ДМ құралдарын қолдану бойыша теориялық білімді меңгеру процесі.

**Функционалды дайындық –** сүйек-бұлшықет, тыныс алу, жүрек-қан тамырлары, жүйке және ағзаның басқа жүйелерінің қызмет ету деңгейін көрсететін табысты дене дайындығының нәтижесі.

**Дене мәдениетінің құндылықтары** –әлеуметтік және кәсіби бағдарланған, сонымен бірге жеке-дара тұлғалық міндеттерді шешуге бағытталған дене шынықтырудың практикалық маңызды негізі.

**Адал бәсекелестік** – ереже бойынша спортпен/дене белсенділігімен айналысу және ойын барысында оны ұстану.

**Эмпирикалық оқыту (практикалық оқыту)** – практикалық тәжірибе арқылы тікелей білімді және дағдыларды меңгеру процесі.

**Smart**–міндеттерді анықтау және қою үшін менеджментте, жобалық басқаруды және білім беруде қолданылатын мнемикалық аббревиатура.

**Lesson study** –бұл жапондық бастауыш білім беруде бастау алатын оқытуды жетілдіру процесі, онда кәсіби дамыту тәжірибесі кең таралған.

**Инновациялар**-бұл педагогикалық жүйені сапалы жетілдіру бірлігінде алынған идеялар, процестер, құралдар және нәтижелер.

**Бейімдік дене шынықтыру**-денсаулық жағдайында ауытқуы бар, соның ішінде мүгедектігі бар адамдарды жан-жақты өмірге дайындау, дамыту мақсатында жүргізілетін дене шынықтыру саласының бір түрі.

**Дене шынықтыру**-дене жаттығулары, табиғи орта мен гигиеналық факторлар арқылы жеке тұлғаның барлық аспектілері мен қасиеттерін (дене, интеллектуалды, психологиялық, көңлң күй, эстетикалық және т.б.

**Дене дайындығы**-мақсатты (дайындыққа бағытталған) әрекеттің тиімділігіне жағдай жасайтын қалыптасқан қозғалыс ептілігі мен дағдыларында қол жеткізілген жұмысқа қабілеттілікті сипаттайтын дене шынықтыру дайындығының нәтижесі.

**Жарыс**-бұл кез-келген тірі затқа тән бәсекеге қабілетті қызметтің ең жоғары түрі.

**Спорт**-тәрбие, даярлық және коммуникативтік қызметтерді іске асыра отырып, қоғам мүддесіне қызмет ететін, бірақ адамның тұрақты мамандығы болып табылмайтын қызмет.

**Қазақтың ұлттық спорт түрлері**-дене тәрбиесі және ойындары, ұлттық ат спортынан, кейбір үстел және қимыл-қозғалыс ойындарынан және ұлттық күрес түрлерінен тұрады.

## 3-тарау. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ

### 3.1. Бастапқы деңгейдің тақырыпнамасы

| | |
|---|---|
| Модуль1. Білімберу іс-әрекетін нормативті-құқықтық қамтамасыз ету | 1.1.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; ҚР Еңбек кодексі; «Ғылым және технологиялық саясат туралы» ҚР заңы |
| | 1.2.Дене шынықтыру және спорт саласындағы нормативті-құқықтық құжаттар. ҚР «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңы, «Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спорт саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 251 қаулысы. |
| | 1.3.ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңы; |
| | 1.4.ҚР «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медико- педагогикалық түзетуші қолдау туралы» Заңы. |
| | 1.5.ЖМББС және бастауыш, негізгі орта және жалпы білімнің жалпы білім беретін пәндер бойынша Үлгілік оқу бағдарламалары. |
| Модуль 2. Дене шынықтыру сабақтарындағы педагогикалық тұғырларды жүзеге асыру | 2.1.Дене шынықтыру сабағына қойылатын қазіргі талаптар. SMART мақсат, рефлексия. |
| | 2.2.Мектепте дене шынықтыруды ұйымдастыру формалары. Спорттық жабдықтар және құралдар. |
| | 2.3. Блум таксономиясы және оны дене шынықтыру сабақтарында қолдану. |
| | 2.3. Дене шынықтыруды оқыту әдістемесі, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау инструменттері және оқытудың тиімділігін мониторингілеу. |
| | 2.4. «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу бағдарламасының құрылымы мен мазмұны. |
| | 2.5. Орта және қысқа мерзімді жоспар құру ережелері. |
| | 2.6. Критериалды бағалаудың теориялық негіздері. Критериалды бағалау принциптері. |
| | 2.7. Суммативті және формативті бағалау. |
| | 2.8.Тапсырмалардың критерийлерін және дескрипторларын әзірлеу. |
| Модуль3. Білім алушылардың анатомиялық, психофизиологиялық, қозғалыс және жас ерекшеліктері | 3.1.Тірек-қимыл аппаратының анатомиясы. |
| | 3.2.Жас ерекшеліктер физиологиясы және бұлшық ет қызметінің физиологиясы. |
| | 3.3.Дене қасиеттерін (қозғалыс)дамытужәне тәрбиелеу. |
| | 3.4.Мектеп жасындағы балалардың жас дамуының психологиялық заңдылықтары. Даму психологиясының жалпы ұғымдары. |
| | 3.5.Дене шынықтыру сабақтарында оқушыларға қозғалыс әрекеттерін оқыту процесінің ерекшеліктері. |

| | |
|---|---|
| Модуль 4. Инклюзивті білім беру контексінде оқытудың мазмұны және әдістері | 4.1.Инклюзивті білім беру–ЕБҚ бар білім алушыларды қолдау жүйесі ретінде. |
| | 4.2.Бейімдік дене шынықтырудың құралдары, әдістері, формаларымен принциптері. |
| | 4.3. ЕБҚ бар білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес «Дене шынықтыру» пәні бойынша жеке-дара, бейімдік оқу жоспарын әзірлеу. |
| | 4.4.Арнайымедициналық топ. |
| Модуль 5. Спорт ойындарын және спорттық-көпшілік іс-шаралардыөткізу әдістемесі | 5.1.Мектеп ішілік іс-шараларды ұйымдастырудың және өткізудің талаптары. Құжаттаманы жүргізу. |
| | 5.2.Ұлттық ойындардың техникалық-тактикалық әрекеттерін оқыту әдістері |
| | 5.3.Пионерболды оқыту әдістері |
| | 5.4.Баскетболдың элементтерін оқыту әдістері |
| | 5.5.Футболдың элементтерін оқыту әдістері |
| | 5.6.Жеңіл атлетиканың техникалық-тактикалық әрекеттерін оқыту әдістері |
| | 5.7.Гимнастиканың техникалық-тактикалық әрекеттерін оқыту әдістері |
| | 5.8.Қозғалыс ойындарының техникалық-тактикалық әрекеттерін оқыту әдістері |
| Модуль6. Қазіргі мектептегі цифрлық дидактика және педагогикалық дизайн | 6.1.Цифрлық дидактика.Педагогтің цифрлық құзыреттілігі |
| | 6.2.Педагогикалық дизайн негіздері. Педагогикалық дизайнның кезеңдері мен модельдері. |
| | 6.3.Дене шынықтыру сабағын ұйымдастырудағы цифырлық құралдар мен қызметтер. |
| Модуль 7. Зерттеу және жобалау қызметін ұйымдастыру жүйесін модельдеу және құру немесе зерттеу әдістемесі | 7.1. Ғылыми зерттеу: мәні, ерекшеліктері |
| | 7.2. Зерттеу түрлері |
| | 7.3. Әлеуметтік ғылымдар мен білім беруді зерттеудегі сапалы әдіснаманың ерекшеліктері |
| Вариативный модуль | Бастауыш, орта және жалпы орта білім беруді, спорт түрлерін оқыту әдістемесін қоса алғанда, тыңдаушыларды олардың деңгейі мен қажеттіліктеріне сәйкес оқыту |

### 3.2. «Базалық деңгей» тақырыпнамасы

| | |
|---|---|
| Модуль1. Білім беру іс-әрекетін нормативті-құқықтық қамтамасыз ету | 1.1. Педагогтың кәсіби іс-әрекетін реттейтін нормативті-құқықтық актілер |
| | 1.2. Инклюзивті білім беру саласындағы заңнамалық базалар |
| | 1.3. ЖМББС және бастауыш, негізгі орта және жалпы білімнің жалпы білім беретін пәндері бойынша Үлгілік оқу бағдарламалары |
| | 1.4. Педагог кадрларды аттестаттау туралы ережелер. |
| Модуль2. Дене шынықтыру сабақтарындағы педагогикалық және заманауи тұғырлар | 2.1.Жалпы білім беретін мектептегі дене шынықтыру сабағының мазмұны мен құрылымы. Смарт мақсат. Рефлексия. |
| | 2.2.Дене шынықтыру сабақтарында педагогтың және оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру формалары. |
| | 2.3.LESSON STUDY тәсілін қолдану арқылы дене шынықтыру сабақтарында оқу процесін зерттеу. |
| | 2.4. Жалпы білім беретін мектепте дене шынықтыру сабақтарының құрылымы және педагогикалық талдау. |
| | 2.5.Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта мектепке арналған «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу бағдарламасының құрылымы мен мазмұнының ерекшеліктері. |
| | 2.6.Дене шынықтыру сабақтарындағы стандартты емес жаттығулар. |
| | 2.7.Дене шынықтыру сабақтарындағы стандартты емес жаттығулар. Дене шынықтыру сабақтардағы жүктемені мөлшерлеу. |
| | 2.8.Жоспарларды әзірлеуге қойылатын талаптар. Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарды әзірлеу. |
| | 2.9.Мектепте дене шынықтыруды ұйымдастыру ережелері. Спорттық жабдықтар мен инвентарьдің техникалық талаптарымен санитарлық нормалары. |
| | 2.10.Критериалды бағалау. Суммативті және формативті бағалау. |
| | 2.11. Формативті бағалау процесін ұйымдастыру. Оқытудың сапасын бағалау үшін формативті бағалау тапсырмаларын әзірлеу. |
| | 2.12.Дене шынықтыру сабақтарында дифференциация түрлері. |
| | 2.13.Дене шынықтыру сабақтарындағы саралау түрлері. |
| | 2.14. «Дене шынықтыру»пәні бойынша құжаттама жүргізу. |
| Модуль3. Білім | 3.1.Мектеп жасындағы оқушылардың жас ерекшеліктері. |
| | 3.2.Даму психологиясы. |

| | |
|---|---|
| алушылардың жас және психофизиологиялық ерекшеліктері | 3.3.Мектеп жасындағы балалардың жас дамуының психологиялық заңдылықтары. |
| | 3.4.Дене шынықтыру сабақтарында оқушыларды қозғалыс әрекеттеріне оқыту процесінің ерекшеліктері. |
| | 3.5.Дене қасиеттерін дамытужәне бағалау. |
| Модуль4. Инклюзивті білім беру контексінде оқытудың мазмұны мен әдістері | 4.1.Инклюзивті білім беру –ЕБҚ бар білім алушыларды қолдау жүйесі ретінде. |
| | 4.2.Бейімдік дене шынықтырудың ұйымдастырушылық-әдістемелік тұғырлары мен қолдану тәжірибесі. |
| | 4.3.ЕБҚ бар білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес «Дене шынықтыру» пәні бойынша жеке-дара, бейімдік оқу жоспарын әзірлеу. |
| | 4.4.Арнайы медициналық топ. |
| Модуль5. Спорт ойындарын және спорттық-көпшілік іс-шараларды өткізу әдістемесі | 5.1.Денсаулық, Олимпиада, спорт және туризм күндерін ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын талаптар. Құжаттаманы жүргізу. |
| | 5.2.Ұлттық ойындардың техникалық-тактикалық әрекеттерін оқыту әдістері |
| | 5.3.Волейболдың техникалық-тактикалық әрекеттерін оқытудың заманауи тұғыры |
| | 5.4.Баскетболдың техникалық-тактикалық әрекеттерін оқытудың заманауи тұғыры |
| | 5.5.Футболдың техникалық-тактикалық әрекеттерін оқытудың заманауи тұғыры |
| | 5.6.Жеңіл атлетиканың техникалық-тактикалық әрекеттерін оқытудың заманауи тұғыры |
| | 5.7.Гимнастиканың техникалық-тактикалық әрекеттерін оқытудың заманауи тұғыры |
| | 5.8.Тоғызқұмалақ ойынындағы техникалық-тактикалық іс-қимылдарды оқытудағы заманауи тәсіл |
| Модуль 6. Қазіргі мектептегі цифрлық дидактика және педагогикалық дизайн | 6.1.Цифырлық дидактика. Мұғалімнің цифырлық құзыреттілігі. |
| | 6.2.Педагогикалық дизайн негіздері. Педагогикалық дизайнның кезеңдері мен модельдері. |
| | 6.3.Дене шынықтыру сабағын ұйымдастырудағы цифырлық құралдар мен қызметтер. |
| | 6.4.Цифырлық ресурстар дене, функционалдық және психологиялық дайындық деңгейін бағалау құралы ретінде. |
| Модуль 7. Зерттеу әдістемесі | 7.1. Ғылыми зерттеу: мәні, ерекшеліктері |
| | 7.2 Зерттеу түрлері |
| | 7.3 Әлеуметтік ғылымдар мен білім беруді зерттеудегі сапалы әдіснаманың ерекшеліктері. |

| | |
|---|---|
| | 7.4. Қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтауды жүргізу қағидалары мен тәртібі. |
| Вариативный модуль | Бастауыш, орта және жалпы орта білім беруді, спорт түрлерін оқыту әдістемесін қоса алғанда, тыңдаушыларды олардың деңгейі мен қажеттіліктеріне сәйкес оқыту. |

### 3.3. «Ілгермелі деңгей» тақырыпнамасы

| | |
|---|---|
| Модуль1. Білім беру іс-әрекетін нормативті-құқықтық қамтамасыз ету | 1.1.Педагогикалық іс-саласындағы ҚР заңнама негіздері. |
| | 1.2.ҚР-да білім беруді жаңартудың және жетілдірудің бағыттары. |
| | 1.3.ЖМББС және бастауыш, негізгі орта және жалпы білім білім беретін пәндері бойынша Үлгілік бағдарламалары. |
| | 1.4.Инклюзивті білім беру саласындағы халықаралық және заңнамалық базалар. |
| Модуль2. Дене шынықтыру сабақтарында педагогикалық және қазіргі тұғырларды жүзеге асыру | 2.1.Дене шынықтыру бойынша қазіргі сабақтарға қойылатын талаптар. |
| | 2.2.Білім берудің жаңа сапасы, қазіргі педагогқа қойылатын талаптар. |
| | 2.3.LESSON STUDY тұғырын қолдану арқылы дене шынықтыру сабақтарында оқу процесін зерттеудің тиімділігін арттыру. |
| | 2.3.Жалпы білім беретін мектепте дене  шынықтыру сабағының құрылымы және педагогикалық талдау. |
| | 2.4. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта мектептің «Дене шынықтыру»пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұнымен құрылымының ерекшеліктері. |
| | 2.5.Дене шынықтыру сабақтарындағы стандартты емес жаттығулар. Дене шынықтыру сабақтарындағы жүктемені мөлшерлеу. |
| | 2.6.Дене шынықтыру сабақтарындағы жобалық іс-әрекет. Білім беруші жаяу жүрумен емдеу (терренкур). |
| | 2.7.Жоспарды әзірлеуге қойылатын талап.Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарды әзірлеу. |
| | 2.8.Критериалды бағалау процесін ұйымдастыру. |
| | 2.9.«Қозғалыс іс-әрекеті», «Денсаулық және салауатты өмір салты», «Шығармашылық қабілеттер және қозғалысіс-әрекеті арқылы өзара әрекеттесу» тараулары бойынша оқытудың мақсаттарын жүзеге асыруға арналған формативті бағалау тапсырмаларын әзірлеу. |
| | 2.10. Дене шынықтыру сабақтарында дифференциация түрлері. |
| | 2.11. Мектепте дене шынықтырудың құжаттамасын |

| | |
|---|---|
| | жүргізуге қойылатын талаптар. |
| Модуль3. Білім алушылардың жас, психофизиологиялық және қозғалыс ерекшеліктері. | 3.1.Жас физиологиясы және бұлшық ет қызметінің физиологиясы. |
| | 3.2.Дене (қозғалыс) қасиеттерін дамытужәне тәрбиелеу. |
| | 3.3.Мектеп жасындағы балалардың жас дамуының психологиялық заңдылықтары. Даму психологиясының жалпы ұғымдары. |
| | 3.4.Дене шынықтыру сабақтарында оқушыларға қозғалыс әрекеттерін оқыту процесінің ерекшеліктері. |
| Модуль4. Инклюзивті білім беру контексінде оқытудың мазмұны мен әдістері. | 4.1.Инклюзивті білім беру–ЕБҚ бар білім алушыларды қолдау жүйесі ретінде. |
| | 4.2.Бейімдік дене мәдениетінің құралдары, әдістері, формаларымен принциптері. |
| | 4.3. ЕБҚ бар білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес «Дене шынықтыру» пәні бойынша жеке-дара, бейімдік оқу жоспары әзірлеу. |
| | 4.4.Арнайы медициналық топ. |
| Модуль5. Спорт ойындарын және спорттық-көпшілік іс-шараларды өткізу әдістемесі | 5.1Аудандық және қалалық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын талаптар. Құжаттаманы жүргізу ережелері. Жарыстардың ережелерін әзірлеу. |
| | 5.2.Ұлттық ойындардың оқу процесін ұйымдастырудың заманауи әдістері. |
| | 5.3.Волейболдан оқу-жаттығу процесін ұйымдастырудың заманауи әдістері. |
| | 5.4.Футболдан оқу-жаттығу процесін ұйымдастырудың заманауи әдістері. |
| | 5.5.Баскетболдан оқу-жаттығу процесін ұйымдастырудың заманауи әдістері. |
| | 5.6.Жеңіл атлетикадан оқу-жаттығу процесін ұйымдастырудың заманауи әдістері. |
| | 5.7.Гимнастикадан оқу-жаттығу процесін ұйымдастырудың заманауи әдістері. |
| | 5.8.Тоғызқұмалақ ойынындағы техникалық-тактикалық іс-әрекеттерді оқытудағы заманауи тәсіл. |
| Модуль6. Қазіргі мектептегі цифрлық дидактика және педагогикалық дизайн | 6.1.Цифырлық дидактика. Мұғалімнің цифырлық құзыреттілігі. |
| | 6.2.Педагогикалық дизайн негіздері. Педагогикалық дизайнның кезеңдері мен модельдері. |
| | 6.3. Дене шынықтыру сабағын ұйымдастырудағы цифырлық құралдар мен қызметтер. |
| | 6.4. Цифырлық ресурстар физикалық, функционалдық және психологиялық дайындық деңгейін бағалау құралы ретінде. |
| | 6.5. Жасанды интеллект (ЖИ) мүмкіндіктерін пайдалану. |

| | |
|---|---|
| Модуль7. Зерттеу және жобалау қызметін ұйымдастыру жүйесін модельдеу және құру | 7.1.Ғылыми зерттеу: мәні, ерекшеліктері |
| | 7.2. Зерттеу түрлері |
| | 7.3. Әлеуметтік ғылымдар мен білім беруді зерттеудегі сапалы әдіснаманың ерекшеліктері |
| | 7.4. Авторлық курстарды әзірлеу |
| | 7.5. Білім алушылардың жобалық қызметін ұйымдастыру |
| | 7.6. Қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтауды жүргізу қағидалары мен тәртібі. |
| Вариативный модуль | Бастауыш, орта және жалпы орта білім беруді, спорт түрлерін оқыту әдістемесін қоса алғанда, тыңдаушыларды олардың деңгейі мен қажеттіліктеріне сәйкес оқыту. |

## 4-тарау. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ

4. **Мақсаты:** қазіргі заманғы қажеттіліктерді ескере отырып, әртүрлі санаттағы дене шынықтыру мұғалімдерінің әмбебап педагогикалық құзыреттіліктерін дамыту және жетілдіру.

**5. Бағдарламаныңміндеттері:**

- тыңдаушыларды оқу бағдарламасының мақсаттарымен және құрылымымен, ондағы материалды күрделендірудің мазмұнымен және міндеттерімен; критериалды бағалау жүйесінің ерекшеліктерімен *таныстыру;*

*- білімдерді және дағдыларды қалыптастыру:*

- білім беру саласында қазіргі ҚР-ның заңдарымен нормаларын білумен қолдануды;

- білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дене шынықтыруды оқытудың ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайларын құру, оларды жұмыс барысында қолдануды;

- мүмкіндігі шектеулі балалар үшін арнайы жағдайларды құру, ЕБҚ бар балаларды тәрбиелеу мен оқытудың нормативті-құқықтық заңнамаларын зерттеу;

- белгілі критерийлердің принциптеріне сәйкес бағалау;

- практикалық тренингтер мен сабақтардың барысында бағдарламаның практикалық маңыздылығын арттыру мақсатында заманун әдістерді және технологияларды оқыту;

- білім берудегі заманауи трендтерді ескеріп, оқытудың мазмұнын өзгерту;

- бейімдік дене шынықтырудың идеяларын қолдану, ЕБҚ бар балаларды оқытуға арналған жеке-дара, бейімдік оқу жоспарын әзірлеу.

- мектептің оқу процесінде цифрлық ресурстар мен құралдарды қолдану;

- ғылыми зерттеу әдіс намасының негіздерін меңгеру.

**Оқытудың күтілетін нәтижелері:**

Оқыту нәтижесінде тыңдаушылар:

- Дене шынықтыру мұғалімінің жұмысын реттейтін оқу-нормативті

заңдарды біледі және қолдана алады;

- Дене шынықтыруды оқытудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарын және білім алушылардың жас ерекшеліктерін, арнайы медициналық топтардың сипаттамасын біледі;

- Инклюзивті білім берудің, бейімдік дене мәдениетінің сипаттамасын біледі және мүмкіндігі шектеулі балалар үшін арнайы жағдайларды құра алады;

- Түзетуші-оқыту процесінің технологияларын түсінеді, оларды қолдана біледі;

- Оқыту мен сауықтыру процесін жоспарлау саласындағы заманауи әдістерді, технологияларды, негізгі құзыреттіліктерді құрастыра алады;

- Бағдарламаның тараулары бойынша оқытудың мақсаттарына сәйкес формативті бағалау бойынша тапсырмаларды құрастыра алады, білім алушылардың денсаулық күйін және дене дайындығын ескеріп, бейімдік дене шынықтыруды, негізгі дене (қимыл-қозғалыс) қасиеттерін дамытуға арналған жаттығулар кешенін құрастыра алады;

- Көпшілік сауықтырушы, дене шынықтыру және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша білімді меңгере алады;

- «Дене шынықтыру» пәндік саласында инновациялық тиімді педагогикалық, ақпараттық- коммуникациялық технологияларды іріктеу және қолдану бойынша кәсіби құзыреттіліктерді қолдана алады.

## 5-тарау. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ

Бағдарлама 7 модульден құралған:

**«Бастапқы деңгейге» арналған бағдарламаның мазмұны**

**Модуль 1. Білім беру іс-әрекетін нормативті-құқықтық қамтамасыз ету.** Берілген модуль педагогтың педагогикалық іс-әрекетінің құқықтық және оқу құжаттарын зерттеуге бағытталған: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; ҚР Еңбек Кодексі; Дене шынықтыру және спорт саласындағы нормативті-құқықтық құжаттар; «Дене шынықтыру және спорт туралы» ҚР-ның Заңы; «Педагог мәртебесі туралы» ҚР-ның Заңы; «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медико-педагогикалық түзетуші қолдау туралы» ҚР-ның Заңы; ЖМББС және бастауыш, негізгі орта және жалпы білімнің жалпы білім беретін пәндер бойынша Үлгілік оқу бағдарламалары.

**Модуль 2. Дене шынықтыру сабақтарында педагогикалық тұғырларды жүзеге асыру.** Дене шынықтыру сабақтарына қойылатын талаптар: «Сабақтың мазмұны» ұғымы, мұғалім мен оқушылардыңіс-әрекеті,дене дайындығы бойынша нәтижелермен жетістіктер, дене дайындығы, жарыстар. Дене жаттығулары және сабақтың моторлық тығыздығы. Дене шынықтыру сабағының құрылымы. Дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру формалары: фронтальды, жеке-дара, топтық. Оқушылардың дене шынықтыру сабағына қызығушылығын арттыруға ықпал ететін тәсілдер. SMART мақсаты - SMART мақсаттарын қою.Сабақтың мақсатын талдау алгоритмі. Мақсаттардың

түрлері мен олардың ерекшеліктері. Әр түрлі сабақтардың мақсаттарын құрастыру, рефлексия. Мектепте дене шынықтыруды ұйымдастыру формалары. Спорттық құрал-жабдықтар. Блум таксономиясы және оны дене шынықтыру сабақтарында қолдану. Дене шынықтыруды оқыту әдістемесі, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау инструменттері және оқытудың тиімділігін мониторингілеу. «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу бағдарламасының құрылымы және мазмұны, сабақтың орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарын құрастыру. Критериалды бағалаудың теориялық негіздерін және принциптерін қарастыру, тапсырмалардың критерийлерін және дескрипторларын құрастыру. Оқытудың заманауи тұғырлары, дифференциация. Қоғамда дене тәрбиесінің пайда болуының себептері мен мәні. Дене мәдениетінің теориясымен әдістемесі, оның негізгі ұғымдары. Дене тәрбиесі жүйесі, оның негізі, мақсаты мен міндеттері, принциптері, құралдары, дене мәдениетінің әдістері.

**Модуль 3. Білім алушылардың анатомиялық, психофизиологиялық, қозғалыс және жас ерекшеліктері.** Адам анатомиясы, тірек-қимыл аппараты. Жас ерекшеліктер физиологиясы және бұлшық ет қызметінің физиологиясы, мектеп жасындағы балалардың даму физиологиясы, ағзаның, ағза органдарының қызметінің, органдар жүйесінің және өсу, даму дәрежесіне қарай ағзаның біртұтас қызметінің онтогенездің әртүрлі кезеңдеріндегі тіршілік ету ерекшеліктері,әрбір жас кезеңінде осы функциялардың өзгешелігі. Дене (қимыл-қозғалыс) қасиеттерін дамыту және тәрбиелеу – шапшаңдық, күш, икемділік, төзімділік, ептілік, қозғалыстың координациясы. Дене тәрбиесінің құралдары. Дене тәрбиесі процесінде тәрбиенің алуан түрлерінің байланысы. Дене тәрбиесі әдістемесінің ерекшеліктері. Барлық дене қасиеттерінің жалпы сипаттамасы. Оқушының күштік даярлығы. Дұрыс мүсін дағдыларын қалыптастыру. Дене қасиеттерін кешенді тәрбиелеу. Мектеп жасындағы балалардың жас дамуының психологиялық заңдылықтары. Даму психологиясының жалпы ұғымдары. Л.С.Выготский жас дағдарысы туралы. Дамудың дағдарыстық және тұрақты кезеңдері. Балалық шақ және жас өзгерістері. Оқыту процесінде және бейімделу кезеңінде орын алатын өзгерістердің сипаты. Дене шынықтыру сабақтарында оқушыларға қозғалыс әрекеттерін оқыту процесінің ерекшеліктері. Оқушылардың дене іс-әрекетін белсендіруге арналған тиімді әдістерді қолдану. Дене шынықтыру сабақтарында ойын технологияларын қолдану.

**Модуль 4. Инклюзивті білім беру контексінде оқытудың мазмұны және әдістері. Бейімдік дене шынықтыру.** Модуль инклюзивті білім берудің және бейімдік дене шынықтырудың негізгі идеясын, арнайы медициналық топты оқытуды қарастырады. Ұйымдастырушылық-әдістемелік тұғырлар және бейімдік дене шынықтыруды қолдану тәжірибесі. Оқыту процесінде ЕБҚ бар білім алушылардың қажеттіліктерін бағалауды және қолдауды ұйымдастырудағы деңгейлік тұғыр: арнайы жағдайларды құрудың және қолдаудың үш деңгейі: бірінші деңгей – қолдауды педагог жүзеге асырады; екінші деңгей – қолдауды педагог және психологиялық-педагогикалық қолдау мамандары жүзеге асырады; үшінші деңгей – оқытудың дифференциалды

арнайы жағдайларын ұйымдастыру (арнайы сынып, топ немесе арнайы мектеп). ЕБҚ бар білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес жеке-дара, бейімдік оқу жоспарын құрастыру бойынша әдістемелік нұсқаулар.

**Модуль 5. Спорт ойындарын және спорттық-көпшілікіс-шараларды өткізу әдістемесі.** Мектепішілік іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын талаптар. Мектепішілік спорттық іс-шаралардың түрлері, оларды ұйымдастыру ережелері. Жарыстарды рәсімдеу бойынша құжаттарды жүргізу. Техникалық-тактикалық әрекеттерді оқыту әдістемесі: спорт ойындарының ережелерін оқыту, техникасы мен тактикалық әрекеттерін оқыту (баскетбол, волейбол, футбол), ұлттық ойындарды техникасы мен тактикасы: асық ату, бес тас, лянга, арқан тарту, оқтау тарту және т.б.

**Модуль 6. Қазіргі мектептегі цифрлық дидактика және педагогикалық дизайн**

Цифырлық дидактика. Мұғалімнің цифырлық құзыреттілігі. Педагогикалық дизайн негіздері. Педагогикалық дизайнның кезеңдері мен модельдері. Дене шынықтыру сабағын ұйымдастырудағы цифырлық құралдар мен қызметтер. Дене шынықтыру бойынша электрондық және цифрлық қызметтер мен құралдар: компьютерлік технологиялардың көмегімен ақпаратты алу, сақтау, өңдеу және пайдалану әдістері («Google» корпорациясының, «Google Forms» Онлайн сервистері, «Google Site» веб-сайты, «Google Calendar» сервисі, «спорт Мен үшін» цифрлық платформасы https://sportforme. ru/ және т. б. «Базалық деңгейге» арналған бағдарламаның мазмұны.

**Модуль 7. Зерттеу және жобалау қызметін ұйымдастыру жүйесін модельдеу және құру немесе зерттеу әдістемесі**

Ғылыми зерттеу: мәні, ерекшеліктері. Әдістеме ғылымды дамытудың негізі ретінде. Әдістеме деңгейлері: Әдістеменің философиялық деңгейі; жалпы ғылыми; нақты ғылыми әдістеме; технологиялық әдістеме.

Бастауыш, орта және жалпы орта білім беруді, спорт түрлерін оқыту әдістемесін қоса алғанда, тыңдаушыларды олардың деңгейі мен қажеттіліктеріне сәйкес оқыту.

**Вариативті модуль**

Бастауыш, орта және жалпы орта білім беруді, спорт түрлерін оқыту әдістемесін қоса алғанда, тыңдаушыларды олардың деңгейі мен қажеттіліктеріне сәйкес оқыту.

## «Базалық деңгейге» арналған бағдарламаның мазмұны

**Модуль 1. Білім беру іс-әрекетін нормативті-құқықтық қамтамасыз ету.** Берілген модуль білім беру ұйымдарының педагогтарының іс-әрекеттін реттейтін ҚР нормативті-құқықтық актілерін білу және қолдану бойынша педагогтардың құқықтық сауаттылығын қалыптастыруға; білім және спорт саласындағы ҚР-ның заңнамаларының жаңа талаптарын және өзгерістерін зерттеуге: «Білім туралы» ҚР Заңы, инклюзивті білім беру саласындағы заңнамалық базалар, ЖМББС және бастауыш, негізгі орта және жалпы білімнің жалпы білім беретін пәндері бойынша Үлгілік оқу бағдарламалары, педагог

кадрларды аттестаттау туралы ережелерді зерттеуге бағытталған.

**Модуль 2. Дене шынықтыру сабақтарындағы педагогикалық тұғырларды жүзеге асыру.** Сабақты өткізуге қойылатын талаптар. Дене шынықтыру сабақтарында оқушыларды ұйымдастырудың негізгі тәсілдері. Дене шынықтыру сабақтарын педагогикалық бақылау, оқу-танымдық іс-әрекеттің нәтижелерін бақылау. Үлгерімді бағалау және есепкеалу. Оқу бағдарламаларының сипаттамасы. Жалпы білім беретін мектепте дене шынықтыру сабақтарының құрылымы және мазмұны. Дене шынықтыру сабақтарынынт алаптары:

«Сабақтың мазмұны» ұғымы, мұғалім мен оқушылардың іс-әрекеті, дене дайындығы бойынша нәтижелер мен жетістіктер, дене дайындығы, жарыстар. Дене жаттығулары мен сабақтың моторлы тығыздығы. Оқушылардың дене шынықтыру сабағына қызығушылығын арттыруға ықпал ететін тәсілдер. SMART мақсаты - SMART мақсаттарын қою. Мақсаттардың түрлері мен олардың ерекшеліктері. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау инструменттері және оқытудың тиімділігін мониторингілеу. «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу бағдарламасының құрылымы және мазмұны, сабақтың орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарын құрастыру. Критериалды бағалаудың принциптері, тапсырмалардың критерийлерін және дескрипторларын құрастыру. LESSON STUDY тұғырын қолдану. Дене шынықтыру сабақтарындағы стандартты емес жаттығулар – оқытудың және үйретудің тиімділігін арттыратын формалар мен әдістер (оқытудың интербелсенді әдістері). Дене шынықтыру сабақтарындағы жобалық іс-әрекет -топтық жобаларды құру және оларға қойылатын талаптар. №72 бұйрыққа сәйкес спорттық жабдықтардың және инвентарьдың техникалық талаптары мен санитарлық нормалары. Мектептің дене шынықтыру іс-әрекетін және дене шынықтыру мұғалімінің іс-әрекетін ұйымдастыруға арналған қажетті құжаттардың және нормативті актілердің тізімі.

**Модуль 3. Білім алушылардың жас және психофизиологиялық ерекшеліктері.** Мектеп жасындағы балалардың жас дамуының психологиялық заңдылықтары. Даму психологиясының жалпы ұғымдары. Л.С.Выготскийжас дағдарысы туралы. Тұлғаны жан-жақты және үйлесімді дамытуға ықпал ету принципі, дене тәрбиесінің өмір тәжірибесімен, сауықтырушы бағыттылықпен байланысы принципі. Дене шынықтыру сабақтарында оқушыларға қозғалыс әрекеттерін оқыту процесінің ерекшеліктері. Оқушылардың дене іс-әрекетін белсендіруге арналған тиімді әдістерді қолдану. Мектеп жасындағы оқушылардың жас ерекшеліктері. Білім алушылардың ағзасының даму физиологиясы. Дене қасиеттерін дамыту және бағалау – шапшаңдық, күш, икемділік, төзімділік, ептілік, қозғалыстың координациясы. Барлықдене қасиеттерінің жалпы сипаттамасы. Дене қасиеттерін кешенді тәрбиелеу. Денсаулықты, физиологиялық резервтерді, дене дамуын, қозғалыс дайындығын есепке алу.

**Модуль 4. Инклюзивті білім беру контексінде оқытудың мазмұны және әдістері.** Модуль инклюзивті білім берудің және бейімдік дене

шынықтырудың негізгі идеясын, арнайы медициналық топты оқытуды қарастырады. Ұйымдастырушылық-әдістемелік тұғырлар және бейімдік дене шынықтыруды қолдану тәжірибесі. Оқыту процесінде ЕБҚ бар білім алушылардың қажеттіліктерін бағалауды және қолдауды ұйымдастырудағы деңгейлік тұғыр. Арнайы жағдайларды құрудың және қолдаудың үш деңгейі: бірінші деңгей–қолдауды педагог жүзеге асырады; екінші деңгей–қолдауды педагог және психологиялық-педагогикалық қолдау мамандары жүзеге асырады; үшінші деңгей – оқытудың дифференциалды арнайы жағдайларын ұйымдастыру (арнайы сынып, топ немесе арнайы мектеп). ЕБҚ бар білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес жеке-дара, бейімдік оқу жоспарын құрастыру бойынша әдістемелік нұсқаулар.

**Модуль 5. Спорт ойындарын және спорттық-көпшілікіс-шараларды өткізу әдістемесі.**

«Дене шынықтыру» пәнінің ғылыми-теориялық негіздері жаңғырту. Дене шынықтыру сабақтарында оқытудың әдіснамасы. Аудандық және қалалық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын талаптар. Құжаттаманы жүргізу ережелері. Жарыстардың ережелерін құрастыру. Спорттың ұлттық түрлері, волейбол, футбол, баскетбол, жеңіл атлетика, гимнастика, қозғалыс ойындары бойынша оқу процесін ұйымдастырудың заманауи әдістері.

**Модуль 6. Қазіргі мектептегі цифрлық дидактика және педагогикалық дизайн.**

Цифырлық дидактика. Мұғалімнің цифырлық құзыреттілігі. Педагогикалық дизайн негіздері. Педагогикалық дизайнның кезеңдері мен модельдері. Дене шынықтыру сабағын ұйымдастырудағы цифырлық құралдармен қызметтер. Цифырлық ресурстар дене, функционалдық және психологиялық дайындық деңгейін бағалау құралы ретінде. Дене шынықтыру бойынша электрондық және цифрлық қызметтермен құралдар: компьютерлік технологиялардың көмегімен ақпаратты алу, сақтау, өңдеу және пайдалану әдістері («Google» корпорациясының, «Google Forms» Онлайн сервистері, «GoogleSite» веб-сайты, «GoogleCalendar» сервисі, «спорт Мен үшін» цифрлық платформасы https://sportforme.ru/және т. б.

**Модуль 7. Зерттеу және жобалау қызметін ұйымдастыру жүйесін модельдеу және құру немесе зерттеу әдістемесі**

Ғылыми зерттеу: мәні, ерекшеліктері. Әдістеме ғылымды дамытудың негізі ретінде. Әдістеме деңгейлері: Әдістеменің философиялық деңгейі; жалпы ғылыми; нақты ғылыми әдістеме; технологиялық әдістеме. Педагогикалық зерттеулердегі әдіснамалық тәсілдер мен принциптер: жүйелік және синергетикалық тәсілдер, тұлғаға бағытталған, белсенді және диалогтық тәсілдер, құзыреттілік тәсіл және т.б. Гуманистік педагогика. Іргелі, қолданбалы ғылыми-педагогикалық зерттеулер мен әзірлемелер.

**Вариативті модуль**

Бастауыш, орта және жалпы орта білім беруді, спорт түрлерін оқыту әдістемесін қоса алғанда, тыңдаушыларды олардың деңгейі мен қажеттіліктеріне сәйкес оқыту.

## «Ілгермелі деңгейге» арналған бағдарламаның мазмұны

**Модуль 1. Білім беру іс-әрекетін нормативті-құқықтық қамтамасыз ету.** Берілген модуль білім беру ұйымдарының педагогтарының іс-әрекеттін реттейтін ҚР нормативті-құқықтық актілерін білу және қолдану бойынша педагогтардың құқықтық сауаттылығын қалыптастыруға; білім және спорт саласындағы ҚР-ның заңнамаларының жаңа талаптарын және өзгерістерін зерттеуге: «Білім туралы» ҚР Заңы, инклюзивті білім беру саласындағы заңнамалық базалар, ЖМББС және бастауыш, негізгі орта және жалпы білімнің жалпы білім беретін пәндері бойынша Үлгілік оқу бағдарламалары, педагог кадрларды аттестаттау туралы ережелерді зерттеуге бағытталған.

**Модуль 2. Дене шынықтыру сабақтарындағы педагогикалық және заманауи тұғырларды жүзеге асыру.** Берілген модульде білім беру және тәрбие жүйесіндегі дене шынықтырудың негізгі идеясы, мақсаттары мен міндеттері зерттеледі. Дене шынықтырудың заманауи педагогикалық технологиялары: LESSON STUDY тұғырын қолдану, педагогикалық талдау, жобалық іс-әрекет, білім беруге арналған жаяу жүру (терренкур),дене шынықтыру сабақтарындағы дифференциация. Білім берудің мазмұнын жаңарту жағдайында дене шынықтыруды жоспарлау және бағалау мәселелері. Дене шынықтыру сабағына қойылатын заманауи талаптар,спорт түрлері бойынша оқу-жаттығу процесін жоспарлау және ұйымдастыру әдістері: баскетбол, волейбол, футбол, жеңіл атлетика және гимнастика, ұлттық ойындар. Тыңдаушылар спорттық ғимараттардың және тренажерлердің қауіпсіздігі мәдениетін, менеджмент дағдыларын, дене шынықтыру және спорт саласындағы әртүрлі органдардың басқару процесін модельдеу және болжау дағдыларын меңгере алады. Дене шынықтыру-спорттық іс- әрекетті жүзеге асыру мәселелері, спорттық-көпшілік іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, жоспарларды және есептік құжаттаманы құрастыру.

**Модуль 3. Білім алушылардыңжас және психофиизиологиялық, қозғалыс ерекшеліктері.** Берілген модуль мектеп жасындағы оқушылардың жасерекшеліктерін зерттейді. Танымжәне қозғалыс әрекеттерін меңгеру психологиясы. Мектеп жасындағы балалардың жас дамуының психологиялық заңдылықтары. Даму психологиясының жалпы ұғымдары. Жас дамуының психологиясының негізгі категориялары. Дене тәрбиесіндегі таным.

